

**2022 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша  
ҚР ӨЗЕНДЕРІНІҢ АЛАПТАРЫНДА ЫЛҒАЛ  
ҚОРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА-  
КОНСУЛЬТАЦИЯ**

**НҰР-СҰЛТАН 2022 ж.**

ҚР жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының күтілетін көлемі 2022 жылғы 1 наурыздағы гидрометеорологиялық бақылау және өлшеу деректері бойынша жасалды (1-қосымша).

## Жазық өзендер

### 1) Ылғал қорының көлемі:

**Қарағанды облысында** Нұра (Самарқанд су қоймасына құйылатын су), Шерубайнұра (Шерубайнұра су қоймасына құйылатын су), Сарысу, Тоқырау және Кеңгір өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 10-45%-ға төмен.

**Ақмола облысында** Есіл, Мойылды (Астана су қоймасына құйылатын су), Шағалалы (Шағалалы су қоймасына құйылатын су) және Қалқутан өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 17-22%-ға төмен. Жабай өзенінің алабында орташа көпжылдық мәннің шамасында. Сілеті өзенінің алабында (Сілеті су қоймасына құйылатын су) орташа көп жылдық мәннен 16%-ға жоғары.

**Солтүстік Қазақстан облысында** Есіл өзенінің алабында (Сергеев су қоймасына құйылатын су) орташа көп жылдық мәннен 15%-ға жоғары.

**Қостанай облысында** Тобыл және Аят (Жоғарғы-Тобыл және Қаратомар су қоймаларына құйылатын су) өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннің шамасында. Тоғызак, Қараторғай және Торғай өзендерінің алаптарында орташа көп жылдық мәннен 11-114%-ға жоғары.

**Ақтөбе облысында**, Қарғалы (Қарғалы су қоймасына құйылатын су), Қосістек, Орь, Темір, Ойыл, Ырғыз өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 13-34%-ға төмен. Ілек (Ақтөбе су қоймасына құйылатын су) өзенінің алабында орташа көп жылдық мәннің шамасында.

**Батыс Қазақстан облысында** Шыңғырлау, Шаған, Өлеңті және Шідерті өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 13-53%-ға төмен. Шешін-2 және Деркөл өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннің шамасында.

**Атырау облысында** Ембі өзенінің алабында орташа көпжылдық мәннен 24%-ға төмен.

**Қазіргі уақытта қардың жиналу процесі жалғасуда.**

### 2) Топырақтың күзгі ылғалдану көрсеткіштері:

- **Қарағанды облысының** Тоқырау өзені алабында 24%-ға, **Ақтөбе облысының** Ойыл өзені алабында 25%-ға **орташа көп жылдық мәннен жоғары.**

- **Қарағанды облысының** Шерубайнұра өзенінің алабында (Шерубайнұра су қоймасына құйылатын су), **Батыс Қазақстан облысының** Шешін-2 өзенінің алабында **орташа көпжылдық мәндер шамасында.**

- **Қарағанды облысының Нұра** (Самарқанд су қоймасына құйылатын су), Кеңгір және Сарысу өзендерінің алаптарында 13-62%-ға, **Ақмола облысының** өзен алаптарында 14-46%-ға, **Солтүстік Қазақстан облысының** Есіл өзенінің алабында (Сергеев су қоймасына құйылатын су) 39%-ға, **Қостанай облысының** өзен алаптарында 21-61%-ға, **Атырау облысының** Ембі өзенінің алабында 39%-ға, **Ақтөбе облысының** Ілек (Ақтөбе су қоймасына құйылатын су), Қарғалы (Қарғалы су қоймасына құйылатын су), Қосістек, Орь, Темір және Ырғыз өзендерінің алаптарында 19-49%-ға, **Батыс Қазақстан облысының** Шыңғырлау, Деркөл, Шаған, Өленті және Шідерті өзендерінің алаптарында 15-19%-ға **орташа көпжылдық мәндерден төмен.**

**3) Топырақтың тоңдану тереңдігі** Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында өткен жылғы көрсеткіштен орта есеппен 7-35 см төмен. Қарағанды, Ақмола, Қостанай облыстарында өткен жылғы көрсеткіштерден орташа есеппен 7-41 см жоғары.

Қарағанды облысының Нұра (Самарқанд су қоймасына құйылатын су) және Шерубайнұра (Шерубайнұра су қоймасына құйылатын су) өзен алаптарында, Ақмола облысының Есіл өзені алабында (Астана су қоймасына құйылатын су), Қостанай облысының Тобыл өзені алабында қардың астындағы топырақ бетінде қалыңдығы 1-5 см мұз қабығы байқалады. Ақпан айында жоғары температуралық фон және қатты жаңбыр болған жағдайда, еріген қар-жаңбырлы су тасқынына әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының жазық аумағындағы өзендер бойынша ылғал қорының көлемі, топырақтың ылғалдануы және топырақтың тоңдану тереңдігі жөніндегі деректер 2-қосымшада келтірілген.

## **Таулы өзендер**

Тау өзендері үшін (Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы, шығысы) келіп түсетін судың негізгі көрсеткіші 2021 жылдың 1 қазаны мен 2022 жылдың 1 наурызы аралығындағы ылғалдың жиналу кезеңінде түсетін жауын-шашын мөлшері болып табылады.

Қазақстан Республикасының таулы аумақтарында шағын аудандардағы жер бедерінің биіктігі 500 м-ден 5000 м-ге дейін өзгереді. Соған сәйкес, тау сілемінің беткейінің орналасуына байланысты таулы аймақтардағы қар жамылғысы біркелкі емес орналасады. Осындай жағдайлардың әсерінен жер бедерінің биіктігі 200-ден 500 м-ге дейін өзгертін ҚР жазық аумағында орналасқан өзендерге қарағанда, таулы өзендердегі қар жамылғысындағы ылғал қорының көлемін млн.м<sup>3</sup> есептеу мүмкін емес.

### **1) Ылғалдың жиналу кезеңіндегі жауын-шашын мөлшері:**

- **Шығыс Қазақстан облысында** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында жауын-шашын мөлшері жылдық орташа көрсеткіштерден 20 %-ға

жоғары, Бұқтырма су қоймасы аймағының өзен алаптарында және Ертістің сол жағалауындағы тармақтарында орташа көпжылдық мәннің шамасында Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында орташа жылдық көрсеткіштерден 18 %-ға төмен;

- **Жамбыл облысының** тауларында орташа жылдық көрсеткіштерден 22-39 %-ға төмен;

- **Түркістан облысының** тауларында орташа көп жылдық мәннің шамасында және одан 18-39 %-ға төмен;

- **Алматы облысында** орташа көп жылдық мәннің шамасында және одан 24-32%-ға төмен.

## **2) Таулы өзен алаптарындағы қар қоры төмендегідей:**

- **Шығыс Қазақстан облысында,** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында және Бұқтырма су қоймасы аймағында орташа жылдық көрсеткіштерден 15-22 %-ға төмен, ал Ертістің сол жағалауындағы өзен алаптарында орташа көпжылдық мәннің шамасында;

- **Жамбыл облысында** тауларында орташа көпжылдық мәннен 37-82 %-ға төмен;

- **Түркістан облысында** тауларында орташа көпжылдық мәннен 18-39 %-ға төмен;

- **Алматы облысының** тауларында орташа көп жылдық мәннен 24-32 %-ға төмен.

Қазақстан Республикасының таулы аумағындағы өзендердегі қар қоры және жауын-шашын мөлшері туралы мәліметтер 3-қосымшада келтірілген.

## **Қазіргі уақытта қардың жиналу процесі жалғасуда.**

**4-қосымшада** 2022 жылғы вегетация кезеңінде тау өзендері бойынша алдын ала күтілетін су шығыны келтірілген.

Таулы аймақтың өзендері үшін вегетациялық кезеңнің негізгі болжамы 2022 ж. сәуір айының бірінші онкүндігінде жасалады.

Наурыз айында температуралық фон жоғарылап, қатты жаңбыр жауған жағдайда Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы таулы өзендер бойымен еріген қар-жаңбырлы су тасқыны өтуі мүмкін.

**Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз және сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті апаттық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.**

2022 жылдың наурыз айына арналған **консультативтік ай сайынғы синоптикалық** болжамға сәйкес республиканың басым бөлігінде ауаның

орташа температурасы **климаттық нормадан 1-2°C жоғары** болады деп күтілуде: Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарында (норма: 5 аяз...9 жылы), Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарында (норма: 5...9 аяз), Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында (норма: 1...9 аяз, елдің қиыр шығысында 12 аязға дейін). Батыс Қазақстан облысының басым бөлігінде нормаға жуық (норма: 0...5 аяз), Атырау облысының солтүстік-батысында нормаға жуық (норма 2 аяз ... 1 жылы) (5-қосымша).

Наурыз айында жауын-шашын мөлшері республика аумағының басым бөлігінде: Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарының оңтүстік жартысында, Қызылорда, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қостанай және Ақмола облыстарының қиыр оңтүстік-шығысында **нормаға жуық**, Солтүстік Қазақстан облысында, Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарының басым бөлігінде және Ақтөбе облысының солтүстігінде **нормадан жоғары** болжанады. Орташа көпжылдық норма кезінде ҚР басым бөлігінде 10-нан 28 мм-ге дейін, тек оңтүстіктің, оңтүстік-шығыс пен шығыстың таулы аудандарында 30-дан 103 мм-ге дейін.

*Ескерту: бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатта болады, ол синоптикалық жағдайдың өзгеруіне қарай түзетіледі және онкүндік пен апталық болжамдармен нақтыланады. Болжамның орташа ақталуы 65-70% құрайды.*

Көктемгі синоптикалық процестер Қара және Жерорта теңіздерінің аудандарынан қарқынды жылудың, ал Скандинавия, Батыс және Шығыс Сібір аудандарынан қарқынды суық ағындардың шығарылуымен сипатталады. Бұл ауа температурасының күрт өзгеруіне және тұрақсыз ауа-райына әкеліп соғуы мүмкін. Ауа температурасының қысқа мерзімді көтерілуі және жауын-шашынның түсуі (бір тәулікте жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін) қауіпті апаттық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкелуі мүмкін.

Синоптикалық болжамның деректері бойынша наурыздың бірінші онкүндігінің ортасында жауын-шашын болады, еліміздің батысы мен солтүстік өңірлерінде жаңбыр және қар түрінде, төменгі бұрқасын болады, оңтүстік өңірлерде көбіне жаңбыр жауады, батыста, Қазақстанның таулы және тау бөктерлі аудандарында қатты жауын-шашын болады, ауа температурасы көтеріледі:

- ҚР-ның солтүстік, орталық және шығыс аудандарында түнде 0,-8°C-ға дейін, күндіз 0, +5°C-ға дейін;

- еліміздің оңтүстік жартысында түнде +2+10°C, күндіз +13+20°C-ға дейін.

**Бұл қардың еруіне, еріген және беткейлік ағынның пайда болуына, мұз құбылыстарының әлсіреуіне және мұз кептелістерінің пайда болуына, өзен жайылмасына су деңгейінің көтерілуі мен шығуына әкелуі мүмкін.**

Еліміздің батысында ғана күндіз ауа температурасы 0, -8°C-қа дейін аздап төмендейді деп күтілуде.

Он күндік соңында Батыс антициклонмен жауын-шашынның тоқтауы және ауа температурасының төмендеуі болжанады:

- солтүстік жартысында түнде -10-17°C дейін, күндіз -5-10°C дейін;
- оңтүстік жартысында түнде 0, -8°C дейін, күндіз +3+8°C дейін.

«Қазгидромет» РМК өңдеген «NASA» жерсеріктерінің ЖҚЗ суреттерінің бойынша 01.03.2022 ж. жағдай бойынша Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 65%-ды құрайды (6-қосымша)

## Трансшекаралық өзендер туралы ақпарат

### Сырдария өзені.

Сырдария трансшекаралық өзенінің ағын көлемінің **~90%-ы** шекаралас мемлекеттердің (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) аумағында қалыптасады.

Сырдария өзенінің ағыны келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

Тоқтағұл (көлемі 19.5 км<sup>3</sup>)

Әндіжан (көлемі 1.9 км<sup>3</sup>)

Қайраққұм (көлемі 3.4 км<sup>3</sup>)

Шардара (көлемі 5.2 км<sup>3</sup>)

Көксарай (көлемі 3 км<sup>3</sup>).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 33.0 км<sup>3</sup> құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2022ж. жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз үшін	
		2022 ж.	2021 ж.
Тоқтағұл	19 500	8 150	9 590
Әндіжан	1 900	857	666
Қайраққұм	4 160	3 311	3 521
Шардара	5 200	4 568	4 200

### Шу және Талас өзендері.

Шу және Талас өзендері ағынының **~95%-ы** Қырғызстан аумағында қалыптасады.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2022 ж. жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз үшін	
		2022 ж.	2021 ж.
Ортақай (Шу өз.)	470	315	436

Киров (Талас өз.)	550	368	341
-------------------	-----	-----	-----

### Жайық өзені.

Жайық өзені ағынының ~80%-ы РФ аумағында қалыптасады және келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен анықталады:

Ириклинск (көлемі 3.26 км<sup>3</sup>)

Жоғарғы Орал (көлемі 0.6 км<sup>3</sup>)

Магнитогорск (көлемі 0.19км<sup>3</sup>).

Бұл су қоймаларының су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 4.05 км<sup>3</sup>.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2022 ж. жағдай бойынша Ириклинск су қоймасының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз үшін	
		2022 ж.	2021 ж.
Ириклинск (РФ)	3 260	2 488	2 647

### Іле өзені.

Іле трансшекаралық өзені ағыны көлемінің ~70%-ы ҚХР аумағында қалыптасады және оның көлемі Қазақстанмен шекаралас ҚХР аумағындағы су шаруашылығы қызметімен айқындалады.

### Ертіс өзені.

Ертіс трансшекаралық өзенінің жалпы ағыны көлемінің ~30%-ы ҚХР аумағында қалыптасады.

Ертіс өзенінің жалпы ағысы көлемінің ~70%-ы ҚР аумағында ҚХР шекарасынан Шүлбі су қоймасына дейін қалыптасады.

Ертіс өзені ағынының жиынтық көлемі келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

Бұқтырма (көлемі 49.0 км<sup>3</sup>)

Өскемен (көлемі 0.65 км<sup>3</sup>)

Шүлбі (көлемі 2.46 км<sup>3</sup>).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 52.1 км<sup>3</sup> құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2022 ж. жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз үшін	
		2022 ж.	2021 ж.
Бұқтырма	49 600	29 321	35 551
Шүлбі	2 390	2 309	2 295
Өскемен	655	635	629

•Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендері ағысы көлемінің 80-90 %-ы шекаралас мемлекеттер аумағында қалыптасады;

• ағын үлесі, ҚР су алу шекті өлшемі мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы уағдаластықпен айқындалады;

• жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет» гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандақтан бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

Қырғызгидромет, Өзгидромет және Росгидромет жасаған гидрологиялық болжамдар мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға олардың ұсынылуына қарай жіберілетін болады (2022 жылғы наурыз айының 10-15 шамасында).

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Бас директордың орынбасары**

**С. Саиров**